

**Берілген бір жолғы талондардың сомаларын бюджетке есепке алу тәртібі туралы**

***Күші жойған***

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 18 сәуірдегі N 161 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 16 мамырда тіркелді. Тіркеу N 2273. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 618 Бұйрығымен.

*Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2008.12.29 N 618 Бұйрығымен.*

----- Бұйрықтан үзінді -----

*"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексі (Салық кодексі)" қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:*

*1 . . . . .*

*2 . . . . .*

*3. Кейбір бұйрықтар осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес жойылған деп танылсын .*

*4 . . . . .*

*5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындайтын қатынастарға қолданылады.*

*Қазақстан Республикасының  
Қаржы Министрі* *Б. Жәмішев*  
*Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2008 жылғы 29 желтоқсандағы  
N 618 бұйрығына*

*9-қосымша*

*Күші жойылған деп танылған кейбір бұйрықтардың тізбесі*

*1 . . . . .*

*2 . . . . .*

*3. "Берілген бір жолғы талондардың сомаларын бюджетке есепке алу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 18 сәуірдегі N 161 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2273 болып тіркелген, "Ресми газет" газетінде жарияланған, 2003 жыл 31 мамыр N 22 (127), 2003 жыл 27 қыркүйек N 39 (144)).*

*4 . . . . .*

5 . . . . .

6 . . . . .

7. ...

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2001 жылғы 30 қарашада  
N 1685 тіркелген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрінің 2001  
жылғы 30 қазандағы N 1469 бұйрығымен бекітілген бір жолғы талондарды беру  
Ережесіне сәйкес бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бір жолғы талондар беруді жүзеге асырушы уәкілетті органдар бір жолғы талондар беруден қабылдаған сомаларды олар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензиясы бар екінші деңгейдегі банкілерге, олардың филиалдары және есептік - касса бөлімдері немесе ұйымдарға ақша қабылдау жүргізген келесі банкі күнінен кешіктірмей бюджетке есептеу үшін тапсырады. Егер қолма-қол ақшаның күнделікті түсуі 10 айлық есептік көрсеткіштен кем болған жағдайда, онда тапсыру үш банкі күнінде бір рет тапсырылады.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитеті (С.Қанатов) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Қаржы министрі*